

«№5 ЖББОМ» КММ бойынша «Қамқоршылық кеңесі» отырысының №1 хаттамасы

Өткізілген күні: «20» қаңтар 2021 ж.

Қатысқандар: 9 - ата-ана

I. Күн тәртібі:

1. Материалдық көмекке мұқтаж оқушыларды анықтау;
- 2.«Жетім және ата-аналарының қамқоршылығынсыз қалған балалардың құқықтарының сақталуы туралы» баяндама.
- 3.Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық қағидаларын бекіту туралы №179 бұйрығы негізінде енуін талқылау;

Тыңдалды:

- Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің төрайымы А.С.Жадилова Қамқоршылық кеңес міндетінің бірі – мектепке демеушілік және қайырымдылық көмек түрінде бюджеттен тыс қаржы тарту болып табылады. Білім беру ұйымдарындағы қамқоршылық кеңестерінің қызмет тиімділігі– бұл бюджеттен тыс қаржыны тартудың тиімді, заңдылықты сауатты инструменті ғана емес, сонымен қатар, мектепке, педагогикалық ұжымға және оқушыларға көмек көрсетудің ең тиімді тәсілі.

Күн тәртібінде екінші мәселе бойынша «Жетім және ата-аналарының қамқоршылығынсыз қалған балалардың құқықтарының сақталуы туралы» мектеп әлеуметтік педагогы Ашықбаева Жарқыра сөз алды. Қазір «ГМЗ» мөлтек ауданы бойынша жетім және ата-ана қамқоршылығынсыз қалған 13 бала, мектебімізде 5 оқушы бар. Аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан, жетім балалар мен ата – анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауын алдын алу үшін материалдық және басқа да көмек көрсету мақсатында ағымдағы жылдың 1 тамызы мен 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» дәстүрлі жыл сайынғы республикалық акциясы өткізілді. Биылғы жылы акция әлеуметтік бағыттағы «Менің таңдауым – балаларға көмек көрсету!» атты ұранмен өтіп жатыр. Осы ауқымды іс-шараға бұйрық шығарылып, жоспары бекітілді. Бұл акцияның мақсаттары мен міндеттері туралы халықта ақпараттандыру,

- Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы Білім беру объектілеріне қойылатын талаптар санитарлық – эпидемиологиялық талаптар санитарлық қағидаларын бекіту туралы №179 бұйрығы негізінде өзгерістер енгізілгендігін, сонымен қатар 127 – бабының тұжырымының өзгертілгендігін ерекше айтып өтті. 2017-2018 оқу жылынан бастап барлық білім ұйымдары 5 күндік оқу аптасына көшеді. Сабақтың ұзақтығы 40

минуттан болатынын, 1-ші сыныптарға үй тапсырмасы берілмейтіндігі, қоңырау ұзақтығы 5 минут және 2,3 сабақтан кейін 30 минут немесе қалауынша 15 минуттан екі мәрте жасауға болатындығын түсіндірді.

Шешімі:

- 1.Қамқоршылық кеңес жұмысы жоспарға сәйкес жүргізіліп, жандандырылсын;
- 2.«Мектепке жол» акциясы қарсаңында аз қамтылған, жартылай жетім және көпбалалы отбасынан шыққа оқушыларға көмек көрсету үшін демеушілермен жақын қарым – қатынас орнатылсын;
- 3.Жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауын алдын алу үшін материалдық және басқа да көмек көрсету мақсатында рейд жұмысы жандандырылсын;